Э. Ә. ӨТЕБАЕВА

МИФОЛОГИЯЛЫҚ ҰҒЫМДАРДЫҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ

Тілдің сан алуан байлығының негізінде этностың рухани, мәдени өмірінің тарихын, салт-дәстүрі мен ұлттық дүниетанымын жан-жақты ашып көрсете аламыз. Мәселен, әдет-ғұрып, наным-сенім, ырым-тыйымдардың жиынтығы көнеден келе жатқан магиялық, мифологиялық таным нәтижелерінің көрінісіне толы дүниетанымдық шаралар. Қазақ халқының көне мәдениеті мен тұрмысының, салт-дәстүр, әдет-ғұрпының түпнұсқалары туралы деректердің бізге берері мол. Ұлттың өзіндік ерекшелігі, дүниетанымы, болмысы, діни наным-сенімі тіл арқылы күні бүгінге дейін ғасырдан ғасырға өз жалғасын тауып келе жатыр. Қазіргі таңда мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында халықтың өткен тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылығының күрт өсуі – қазақ халқының бай рухани мұрасын әлем жұртына кеңінен таныту көзделген тұста діни наным-сенімнен туындаған компаративті фразеологизмдердің де қосар үлесі мол. Діни наным-сенімге, салт-дәстүрге байланысты қалыптасқан тілдік бірліктер арқылы қазақ этносының өткен өміріндегі өзіндік сыр-сипаты көп, табиғаты әрі жұмбақ, әрі қызық құбылыстарды ерекше сөздермен екшеп, сол арқылы ұлттық болмысымызды таным тұрғысынан жан-жақты тани аламыз.

Ұлттық сипатты бейнелейтін теңеу тілдің мазмұндық жағының санғасырлық дамуының нәтижесі деуге болады. Теңеу моделінің табиғаты бұрын да зерттеліп келе жатса да, олардың этнос болмысын, оның көркемдік, бейнелі дүниетанымдық мәні мен тілдегі қызметін терең де жан-жақты қарастыру этнолингвистиканың өзекті мәселелеріне жатады. Өйткені мыңдаған теңеу-салыстыру модельдерінің уәжі мен нысаны, сайып келгенде, халықтық дүниетанымға, оның құндылығын айқыдау принцип-ұстанымына, салт-дәстүр, наным-сенім т.б. ұлттық менталитетіне тікелей байланысты.

Теңеу тіркестерінің пайда болуы мен жасалуына әртүрлі дәрежеде этнолингвистикалық факторлар ықпал етеді, себебі, тіл білімі мен мифологияның өзара сыбай, шектес аясы этнолингвистикаға жататынын ғалым Е. Жанпейісов айтқан болатын. Демек, мифология этностың жалпы дүниетанымын, наным-сенімін, өзін қоршаған ортаға деген көзқарасын зерттеп, этноса қатысты, этностық ерекшелікті сипаттайды.

Қазақтың әдет-ғұрыптары мен наным-сенімдері, түптеп келгенде, көшпенділердің өздерін қоршаған орта, әлемдік қатынастар және бұлардың өзара функциясының байланыстары жөніндегі қадым замандардың қойнауында қалыптасқан түсінік дүниетанымдық, қоғамдық өмірдегі рәсімдерге және дамуға қатысты пайдаланатын қолданбалы модельдері іспеттес болды. Ендеше

біз халықтың күнделікті өмірде қолданылып жүрген сөздеріне көңіл бөліп, оның ар жағына зер салып қарайтын болсақ, тілімізде ерте замандар мұрасы – түрлі діни наным-сенімдер, дүниетанымдар, салт-дәстүрлер сақталғанын көруге болады.

Адамдар (Homo Sapiens) жан-жағындағы көзге көрініп жүрген, күнделікті тіршілігінде кездесіп, қоян-қолтық араласып, көріп, бақылап жүрген нәрселерін тілге тиек ете отырып, олар туралы ойланып, олардың ерекшеліктері жайлы ойға шомып, түсінуге тырысқан. Бір қарағанда мифологияда адамдардың өмірі мен бастан кешкендері сырт көзге ешбір реті жоқ хаос болып көрінері хақ. Тіл мен мифология арасындағы осы тығыз байланысты төменде берілген факторлардан көруге болады.

Фольклордағы магиялық жанрларды зерттеген Б. Оспанова: «Магические обряды состояли из двух частей действии и слова. Среди слов особо выделялись клятвы, молитвы, гимны. Между действием и словам существовала тесная взаимосвязь: всякое магическое действие сопровождалось словам. Слова для людей были чем-то вроде божеств, они несли сакральный смысл» [1, 10], – дейді. Тіліміздегі көптеген тұрақты тіркестер магиялық сөздер мен іс-әрекеттерге, ұғымдарға байланысты ертеден қалыптасқан. Магиялық әрекетке байланысты сөз магиясына, сөз құдіретіне сену кейбір тілдік бірліктерден анық көрініс береді. Бірақ әрбір сөздің астарында халықтың өзіне ғана түсінікті азын-аулақ сыр болады.

Тастай тыйыл! Бұл сөзді қазақ малдың төлдеу циклінде түрлі магиялық күштерге, наным-сенімдерге, ырымдар мен ғұрыптарға сеніп, соларды жасап отырған сәтте айтады. Қазақ жерінің қай түкпірінде болсын мал төлдей бастағаннан-ақ қан шығармайды (мал соймайды). Төл уағына жетерлік етіп мал төлдемей тұрып-ақ қамдап алады. «Халық сенімі бойынша әдейі сойған малдың қаны қан тілейді, яғни өлім-жетімге себепкер болады», – дей келе, этнограф Ә.Т.Төлеубаев өз еңбегінде: «Шығыс Қазақстан қазақтары арасынан жиналған материалдарға қарағанда, төлдеу кезінде өлейін деп жатқан бірен-саран малды қара тасқа бауыздап, «*тастай тыйыл*» дейтін көрінеді», – дейді [2, 56]. Осындай ұқсас құбылыстар магиясы сенімінен, мал іші өсіп келе жатқан кезде «мал іші өспей қалады», «мал іш тастайды» деп кейбір шығыс, батыс қазақтары малшы-жалшының сақалын, шашын, тырнағын алғызбаған. Адам денесіндегі үнемі өсу процесі тоқталмайтын шаш, сақал, тырнақ өсіп-өнудің, молаюдың белгісі болып саналатынын зерттеуші жаза келіп: «Халықтағы көне сенім бойынша малшы мен оның баққан малының арасындағы тығыз байланыстылық бар, сондықтан біреудегі табиғи қалыпты (шаш, тырнақ өсуі) бұзу, екіншісіне де сондай құбылыстың болуына себепкер болады деп есептеген» деп тұжырымдайды [3, 75].

Малымыз құмырсқадай көп болсын! Төрт түлік малдың өсіп-өніп, көбеюі үшін жасалынатын қадамның бірі – көшпелі ел дәстүріндегі малға ен салу. Ен, таңба салу кезінде кесілген қанды құлақтарды жинап, үстіне ақ тамызып құмырсқаның илеуіне тастау ырымы болған [4, 166]. *«Малымыз құмырсқадай көп болсын!»* деген гомеопатиялық магия арқылы илеу үстінде қанды құлақты қан талапай жасаудағы ғұрыптық түсініктің этимологиялық ассоциациясында, магиялық тәсіл арқылы – *«құмырсқадай быжынаған, көп мал бітсін»* деп жасаған бұл істің семантикасы да «мал да осындай көп болсын» деген сенімнен туындаған. Әрі мал енін құмырсқа илеуіне тастаудың мәнісі келер жылы мал басының көбейіп, өсіп-өнуіне жасалған стимуляторлық функциясы деуге де саяды [3, 73]. Бұл түсінік мал санының көп болуын арттыру мақсатында төлдеу процесі кезінде айтылатын магиялық сенімдерге негізделген ғұрыптық сөз үлгілеріне сенуден туындаған.

Төл тарыдай көп болсын! Торғай өлкесіндегі қазақ өмірін көп зерттеген малдәрігері А. И. Добросмыслов күйек алу сәтінде мал иесі бір саулықты ұстап, оның үстіне аттай мініп тұрып аузына бір уыс тарыны құяды да, *«төл тарыдай көп болсын!»* деп жаратушыға жалбарынады дейді. Мұнда да малдың көптігі тарының көптігімен ассоциацияланып тұр.

Қазақ өмірінде отқа табыну, оттан аттамау, отқа түкірмеу, ошақта жанып жатқан отты өшірмеу сияқты ырымдар қатаң сақталған. Көне заман түсінігінде от үй ішінің шырағы. Жаңа түскен жас келін үлкен үйге келіп отқа табынған. Отқа май тастау қазіргі кезге дейін жалғасып келеді. Келіннің отқа май құюымен қатар, қыздың үйіне алғаш барған кезде күйеу жігіттің отқа май құюы, баланы бесікке салғанда адыраспан тұтату сияқты отқа табыну рәсімдері бар.

Н. И. Гродековтың айтуына қарағанда, Түркістан уезінде келін болып түскен қалыңдық сол

елдің аруағына сыйынып отқа май тастайды. Бұл кезде ауыл ақсақалдары «**майдай опат бол**» десіп бата қылады. Сол секілді бұрын төрге шығуға рұқсат етілмей келген келін, енесі қайтыс болған соң ауыл ақсақалдарының көзінше отқа май тастайды. Содан кейін барып оған төрге шығуға рұқсат етіледі [5, 49]. Отқа байланысты туындаған кейбір тіркестердің пайда болуын Г. Смағұлова «көшпелілердің өмір салтында бұрынан қалыптасқан отқа табынатын наным-сенімнен туған деп біржақты түсіндіруге болмайтындығын» ескертеді, «ежелгі адамдардың мифтік-діни танымы мен көшпелі салттың қоршаған ортаға тәуелділігінен туатын таным-түсініктер де жатуы мүмкін» екендігін айтады [6, 168].

Оттай қаулап жас бер! Бала туа сала оның шашына мән берілген. Шашын алар кезде туыс-жақындарын шақырып кішігірім тілеу істейді. Шашты ауылдың, рудың қадірлі, сыйлы адамына алдырған. Бұл рәсімге жиналғандар баланың шашын кезектесіп алады. Балаға *«таудай жігіт бол», «мықты азамат бол»* деген сияқты баталар беріледі. Баланың шашын шүберекке түйіп биік жерге іліп қояды немесе отқа салып өртейді. Отқа салғанда *«оттай қаулап жас бер»* деп айтқан. Бұл ұғым өмірі жалындаған оттай еш сөнбесін дегенге саяды. Шашты адам жерге тастамайды, желге ұшырмайды. Желге ұшқан шашты құс ұясына салып жатса жазылмас бас ауруына ұшырайды деп ырымдайды. Дегенмен қазақта «шашыңды отқа тастама» деген де ырым бар.

Терідей жұмсақ болсын! Қазақ жаңа түскен келіннің бетін ашу рәсімінде аяғының астына жаңадан сойылған қойдың терісін төсеген. Мұндай жосын-жоралғы Ақтөбе облысы Шалқар өңірінде бүгінгі күнге дейін қолданылып келе жатқанын көрдік. Мұндай рәсімді қолдануды Ә. Т. Төлеубаев «келін қайын атасы мен енесіне терідей жұмсақ, биязы болсын», «болашақта аяғы ауыр болып, босанар сәтте толғағы қатты болмай терідей жұмсақ және қойдай өсіп-өнсін» деген ырыммен төселетіндігін айта келе, Орта Азия халықтары мен қазақтар үшін қой олардың тотемі, тек қойдың өзі ғана емес, оның терісі де өсіп-өнудің символымен қорғаушы, сақтаушысы екендігін айтады [7, 29-30]. Г. А. Гаджиев қой терісін осындай сеніммен жаңа түскен келіннің астына төсеу Таулы Дағыстандықтарда да бар дейді. Олардың нанымынша қой терісін жаңа түскен келіннің аяғының астына «үйде береке мен ынтымақ болу үшін төсейді» дейді [8, 58]. Б. Уахатов жаңа түскен жас келінді жеңгелері қолтықтап әкеп ошақ қасына төселген бұзау терісінің үстіне отырғызатынын айтады. Мұнысы жаңа түскен жас келіннің мінезі де осындай жұмсақ болсын дегені. Бұдан соң отқа май құяды, келін қайта-қайта иіліп: «от-ана, май-ана, жарылқа» дейді. Сол кезде әйелдер алақандарын отқа қыздырып, келіннің бетін сипайды [5, 48].

«Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» атты еңбекте мынадай деректер бар: «Қазақтарда от – үйдің киесі, шамшырағы, сондықтан да жаңа түскен жас келін әуелі өз отауына кірмес бұрын, атасының үйіне кіріп, тағзым етіп, содан соң атасының отына бір қасық май тамызуы керек. Бұл ырым-кәдені «отқа май құю» дейді. Жас келін сәлем еткенде, «аруақ риза болсын» деп тізе бүгіп, еңкейіп «От ана, май ана, шапағатыңды тигізе көр», – дейді. Отқа тамызған май жанып жатқанда жас келіннің жанындағы әйелдердің бірі алақанын отқа қыздырып, келіннің бетін сипайды. Үлкен үйдің отының құрметіне деп, қалыңдық атасының иығына шапан жабады, осы кезде отағасы ошақ жақтағы тулақты нұсқап, жас келінге отыр деген белгі беріп «иін қандырып илеген тулақтай, мінезің жұмсақ болсын қарағым» деп батасын береді» [9, 158].

Осы сияқты іс-әрекеттің өзі мен оның сөзде бейнеленуі арасында үлкен даму жолы бар. Мұның өзі танымның сатысын көрсетеді. Сөздің өзін магиялық күш деп түсіну – оның әсер етушілік, өзгергіштік қызметін жоғары бағалаудан туған.

Бетің айдай болғыр (қарғыс). Бұл қарғыс тіліміздегі бетің тіліңгір, бетің шиедей болғыр тәрізді қарғыстармен мәндес. Бұл қарғыс әйелдерге қаратылып айтылады. Қазақ әйелдері жоқтау айтқан кезде басым қаралы, бетім жаралы дейді. Бұл сонау ғұндар, көне түркілер заманынан жалғасып келе жатқан салт. Мәселен, қытайдың деректерінде ғұндардың өз дәстүрі бойынша тәңірқұттың алдына бетін тіліп кіретіндігі, егер бұл дәстүрге мойынұсынбаса, басқа елдің елшілері де тәңірқұтқа жолықтырылмайтындығы, бетін тілу – жақсы көру, құрметтеудің белгісі екендігі айтылады. Осыған қарап Қ. Ғабитханұлы бетін тілу, бетін жырту сонау ғұндар мен көне түркілерден бастау алған өз ішінде жақсы көру, адалдығын білдіру үшін істелетін дәстүр болғанын болжауға болатынын айтады.

Бүйі тигендей. Кең жазық құмды далада иә таулы, тасты, мекендерде алты ай жаз көшіп-қонып

жүрген қазақтардың ерекше қорқып, сескенетіні – улы жәндіктер болған. Қаннен қаперсіз ұйықтап жатқан дала адамының, әсіресе бесікке таңылып, байлаулы жатқан баланың өлімі көбінесе жылан, шаян, қарақұрт, бүйі сияқты жәндіктерден болған. Қазақ ішінде елден ала бөтен сотқар мінезімен, сойқанды, содыр іс-әрекетімен көрінген адамды «бүйі тигендей» қылды дейді. Сөйтіп бүйіні адамға жау, қас күш деп таныған.

Қазақ халқының ежелгі дүниетанымы, мифологиясы, діни наным-сенімдері тілдік бірліктер арқылы бүгінгі күнге дейін жеткен мифтік мотивтегі теңеулер ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетаным, ұлттық болмыс, ұлттық мінез, ұлттық дәстүр, ұлттық наным-сенімнен туындайды, сонымен бірге олар сол заттардың сыртқы бейнесін анықтап, ішкі мазмұнын ашатын ерекше құбылыс ретінде танылады. Ауыл тұрғындары арасында осындай салт-жоралғы, ырым-тыйымдарға сену ырымшылдығы өзінің өміршеңдігін сақтап келеді. Шындыққа тікелей байланысты болмаса да негізінен күнделікті тұрмыста ескеріп отыру қажет-ақ шығар. Көрсетілген тіркестердің негізінде мифтік санамен байланысты мифтік уәждердің жатқанын аңғаруға болады. Ендеше мифологиялық санамен байланысты осы айтылғандар әдет-ғұрып, салт-сана ерекшеліктерінде жиі кездесе отырып сөздің магиялық қызметі дербестеліп, дараланғанға дейін ол ғұрыптың құрамында тұтастық сипат атқаратынын байқауға болады. Сөздің өзі іс-әрекет түрінде түсініліп, сол әрекетпен тығыз қабысып, тұтастықта ұғынылады. Сөздің магиялық күшінің сипаты жоғарыда талданған бірліктердегі сендіру, сақтандыру, тілдесу, иландыруға байланысты туындаған және мифологиялық наным-сенімге байланысты көркемдегіш теңеулер арқылы тура, ауыспалы мағынада қолданылып, олардың қалыптасу үрдістері, уәжділік негіздері анықталады, тілдің танымдық қызметін айғақтайды.

ӘДЕБИЕТ

1. *Оспанова Б.* Магические жанры казахского фольклора: Автореферат дис. ... канд. филол. наук. Алматы, 2002. 23 с.

2. *Төлеубаев А.Т.* Қазақтың мал шаруашылығына байланысты кейбір көне сенімдері // Вестник АН КазССР. 1984. № 12.

3. *Арғынбаев Х., Тоқтабай А., Сейтқұлова Ж.* Қазақтың мал шаруашылығына байланысты наным-сенімдері // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы, Арыс, 2005. 1-т. 323 б.

4. *Сейдімбек А.* Қазақ әлемі (этномәдени пайымдау). Оқу құралы. Алматы: Санат, 1997. 464 б.

5. *Уахатов Б.* Алтын бастау (оқу-әдістемелік құрал). Алматы: Рауан, 1993. 158 б.

6. *Смағұлова Г.* Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. Алматы: Ғылым, 1998. 196 б.

7. *Толеубаев А.Т.* Реликаты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX – нач. XX вв.). Алматы: Ғылым, 1991. 214 с.

8. *Гаджиев Г.А.* Доисламские верования и обряды народов Нагорного Дагестана. М.: Наука, 1991. 182 с.

9. *Уәлиханов Ш.* Таңдамалы. Алматы: Жазушы, 1995. 560 б.

Резюме

Рассматриваются вопросы «языковой картины мира» в мифологической лексике казахского языка.